

Жаңы ауданында бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар, шартты түрде сотталған адамдар үшін және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

### **Күшін жойған**

Ақмола облысы Жаңы ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 3 тамыздағы № А-7/303 қаулысы. Ақмола облысы Жаңы ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 15 тамызда № 1-13-159 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Жаңы ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 3 қарашадағы № а-9/416 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Жаңы ауданы әкімдігінің 03.11.2014 № а-9/416 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

**Р К А О                          е ск е р т п е с і :**

**Мәтінде авторлық орфография мен пунктуация сақталған.**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 31, 37 баптарына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 7 бабының 5-6 ) тармақшаларына сәйкес, жұмысқа орналасуда қындық көріп жүрген бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, шартты түрде сотталған адамдарды және кәмелетке толмаған интернаттық ұйымдардың түлектерін әлеуметтік қорғау мақсатында, оларды жұмыспен қамтамасыз ету үшін,                 аудан                 әкімдігі                 ҚАУЛЫ                 Е Т Е Д І :

Жаңы ауданында бас бостандығын айыру орындарынан босатылған адамдар, шартты түрде сотталған адамдар үшін және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота, жұмыс орындарының жалпы санының бір пайызы мөлшерінде белгіленсін.

1. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары  
А . Ж . Б р а л и н а ғ а    ж у к т е л с і н .

2. Осы қаулы Ақмола облысы Әділет департаментінде тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*И.Кабдуғалиев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК